

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 107 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 13 қазандағы № 384/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қазанда № 30158 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13263 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ақпараттық жүйелер:

- 1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы;
- 2) "электрондық үкіметтің" шлюзі;
- 3) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 4) "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 5) "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 6) "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі" ақпараттық жүйесі;
- 7) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі;
- 8) "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 9) "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының интеграцияланған ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі;
- 10) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталы" ақпараттық жүйесі;

- 11) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі;
 - 12) кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
 - 13) тәуекелдерді селективті бақылау және басқару;
 - 14) статистика, талдау, сыртқы сауда статистикасының деректеріне қолжетімділікті ұйымдастыру;
 - 15) голографиялық қорғау элементі бар есептік-бақылау маркаларын пайдаланумен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылау;
 - 16) акцизделген өнімнің және мұнай өнімдері жеке түрлерінің өндірілуі мен айналымын бақылау (Акциз);
 - 17) интеграцияланған деректер қоймасы;
 - 18) "Web-декларант" электрондық декларациялау кешені;
 - 19) қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі;
 - 20) "АХАЖ" ақпараттық жүйесі;
 - 21) "Жылжымалы мүлік тіркелімі" ақпараттық жүйесі;
 - 22) "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
- ;
- 23) "e-learning" электрондық оқыту ақпараттық жүйесі;
 - 24) "Салық төлеуші кабинетінің Web-қосымшасы" ақпараттық жүйесі;
 - 25) "Салық есептілігін өңдеу жүйесі" ақпараттық жүйесі;
 - 26) "Салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйелерін интеграциялаудың өнеркәсіптік платформасы" ақпараттық жүйесі;
 - 27) "Интеграцияланған салық ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі;
 - 28) "Деректерді бірыңғай сақтау орны" ақпараттық жүйесі;
 - 29) "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесі;
 - 30) "ҚР Қаржымині МКК Web-порталы" ақпараттық жүйесі;
 - 31) "Салық төлеушілердің және салық салу объектілерінің тізілімі" ақпараттық жүйесі;
 - 32) "Электрондық шот фактуралар" ақпараттық жүйесі;
 - 33) "Жедел басқару орталығы" ақпараттық жүйесі;
 - 34) "Интеграцияланған кедендік тариф" ақпараттық жүйесі;
 - 35) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильді офісі" ақпараттық жүйесі;
 - 36) "Қазақстан Республикасының электрондық нысандағы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесі;
 - 37) "Мемлекеттік жер кадастры" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
 - 38) "Мобильді үкімет" ақпараттық жүйесі;
 - 39) "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған ақпараттық жүйесі";

40) "ASHYQ" платформасы" бағдарламалық қамтылымы (электрондық-есептеу машинасына арналған бағдарлама);

41) "Е-өтініш" ақпараттық жүйесі".

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының Құқықтық статистика
және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті